

Б. Рахимова, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Б. А. Қалиев, қазақ тіл білімі кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ СТИЛІНІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА ҚОЛДАНЫЛУ СИПАТЫ

Адам өз ортасымен күнделікті түрлі қарым-қатынаста болады. Сол арқылы тіршілік жасап, білім, тәжірибе жинайды, жетіледі, өседі. Ал қарым-қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызекі сөз ерекше сипатта құрылады. Сөйлеу тілінің лексикасы тек тұрмыстық-қарапайым, дөрекі, тұрпайы сөздерден немесе варваризмнен тұрмайды. Адамдардың күнделікті қарым-қатынасы қарапайым тұрмыстық деңгейде ғана бола бермейді, өмірдің әртүрлі жағын қамтиды. Ол ауызекі сөйлеу стилі деп аталады¹.

Сөйлеу тілі — адамдардың белгілі бір жағдайдағы тікелей қарым-қатынас стилі. Сондықтан ол сөйлеудің ауызша формасымен тікелей байланысты болып келеді. Адамдар бір-бірімен әңгімелесіп, жауап беріп, өз пікірін жеткізеді. Сөйлеу тілі — ауызекі тіл деп аталатын жалпы стильдік топтың бір тармағы. Сөйлеу тіліне көпшілік алдында сөйленетін публицистикалық сөз, лекция, баяндама, радио, теледидар арқылы берілетін хабарлардың тілі жатады.

Сөйлеу тілі мен әдеби тілдің қатынасы тарихи жағынан аса күрделі. Осы тұрғыдан алғанда, ауызекі сөйлеу тілі — тілдің бастапқы қалпы. Оның әуеліде диалектілік көрінісі басым болғаны да рас. Бірақ жазба әдеби тілдің қалыптасуымен қатар белгілі кезеңде әдеби тілдің ауызекі түрі де жарыса пайда болды.

Ауызекі сөйлеу стилі: 1) дидарластық сөз (әңгімелесу, сұқбаттасу); 2) полемикалық (дауласу) сөз; 3) көпшілікке арналған сөз (баяндама, лекция) болып бөлінеді.

Дидарластық сөз стилі екі немесе одан да көп адамның бас қосқан сұқбатында қолданылады. Сондықтан мұндай сөзге қатысатын кісілер әңгіме қызықты, әсерлі болу үшін алдын ала дайындалып келеді. Дидарластық әңгіме диалог түрінде де жүреді².

Мысалы: — Сізді сыртыңыздан егде тартқан адам шығар деп ойлаушы едім. Жап-жас екенсіз ғой!.. — деді көзін төңкере тастап.

— Қайдағы жас, жаным-ау! Мұқағали ағамыз айтпақшы, «Солай да солай, қарағым, отыздан асып барамын!» — дедім әндетіп (Д. Рамазан).

Сөйлеу стилі белгілі бір жағдайда тікелей жасалатын қатынас стилі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым. Яғни үйреншікті жағдайда адамдар қысылмай еркін сөйлейді. Өйткені онда күнделікті өмірге байланысты мәселе сөз болады. Сондықтан сөйлеу тақырыбына сай тұрмыста көп жұмсалатын үйреншікті сөздер мен сөз тіркестері қолданылады. Бұл сөйлеу тіліне тұрмыстық сипат беріп, оны қарапайымдандырады. Қарапайым сөйлеу ресми емес, кенеттен дайындықсыз, тұрмыста сөйленген сөз түрлерінің бәрін қамтиды. Бұл ұғымды орыс тілінде В. В. Виноградовтың термині бойынша «Обиходно-бытовой стиль» деп атап жүр³.

Даулы сөз пікір таластырушы немесе мүдделері қарсы кісілердің арасында болады. Даулы сөзде қарсы жақтың сөзіне полемикалық қатысты білдіретін тұлғалар пайдаланылады, риторикалық сұраулы сөйлемдер жұмсалады, өз пікірін дәлелді ететін аргументтер келтіріледі. Қарсы жақтың мысын басатын мысқыл сөздер де қолданылады. Даулы мәселені шешуге әркімнің дайындалып барғаны жөн. Мысалы: — Жақсы, жаным, тек басқа жаққа бұрылып кетпесең болғаны! — деді әйелі күлімсіреп. — Ондай жаман әдеттеріңді қоятын шығарсың!..

— Қойшы-ей, қайдағы-жоқты айтпай!.. — деді ол ашуланғансып. — Біліп қой, мен еркекпін, қайда барам, қалай тұрам, өзім білемін. Саған еш уақытта есеп бермеймін!..

— Әй, сен қайдағы-жоқты былжырай берме, білдің бе? Енді бір рет осындай әңгіме шығарсаң, менен жақсылық күтпе!.. Әй, естіп тұрсың ба?— деді жігіт өзеуреп (Д. Рамазан).

Сөйлеу тілінің эмоционалдық қасиеті басым болғандықтан, бұл құралдар сөйлеуде жиі пайдаланылады. Сөйлеу стилінде олардың көп қайталанып, тұрақталған түрлері жұмсалады. Мысалы: — Түү, тым қартайып кетіпсіз ғой! —Мырс етіп, күліп жіберді (Д. Рамазан).

— Дрр-рр-р!.. — деген қатқыл дауыстан шошып оянып, басымды көтеріп алдым (Д. Рамазан).

— Ойбүй, құдай-ай, әңгімемен тұрып қалыппыз ғой, қызым (Д. Рамазан).

— Әй, сен қайдағы-жоқты былжырай берме, білдің бе?! (Д. Рамазан).

Көркем шығармада сөйлеу тілі лексикасының ішінде варваризмдер де кезігіп отырады. Оны кейіпкерлер тілінен жиі байқауға болады:

— Бір жерге звандап алайыншы! — деп сұрауын сұрағанымен, оның жауабын да күтпестен жайлап телефонның нөмірлерін тере бастады (Д. Рамазан).

— ...Алдап-сулап болса да... Менің үйленгенімді білмейді ғой!.. Пока, білдірмеу керек!.. (Д. Рамазан).

Көркем шығармаларда ауызекі сөйлеу тілі стилі түрлі қолданыста жұмсалады. Оның себебі — кейіпкерлер тілінің ішкі эмоциясын, көңіл-күйін, жан айқайын оқырманға жеткізу, тек қана бір стильмен шектелмей, іс-әрекетті сан қырынан жазып көрсету т. б.

¹ Рапишева Ж. Д., Түйте Е. Е., Есинбаева Ж. У. Қазақ тілінің стилистикасы: Оқу-әдіст.құрал. — Қарағанды, 2011. — 136-б.

² Сиротинина О. Б. Разговорная речь. — М., 1998.

³ Рамазан Д. Алланың әмірі. Әңгімелер. — Алматы, 2008. — 240-б.